**Қамқоршылық кеңес мүшелері**

**Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебі**

Кеңсахара жалпы орта білім беретің мектебінде қамқоршылық кеңес

отырысының өтуі жөнінде

**Хабарлама**

**Кеңес төрайымы-** Картов И.А. Кеңсахара ЖОББМ Қамқоршылық кеңесінің отырысы өтетіні туралы хабарлайды.

**Өткізу нысаны:** жиналыс

**Өтетін орны:** Кеңсахара ЖОББМ

**Өтетін күні:** 15.12.2020

**Өтетін уақыты:** 15.00

**Күн тәртібінде:**

1. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында спорттық ойындар ұйымдастыру
2. Мектеп аумағын және мектепті аббатандыруға қатысу
3. Ағымдағы мәселелер

***Отырысқа кешікпей келулеріңіз сұралады. Егер қатыса алмайтын жағдай болған кезде қамқоршылық кеңес хатшысына хабарлауыңызды сұраймыз.***

***Телефон: 8707 362 06 47***

***Кеңсахара ЖОББМ***

**Қамқоршылық кеңес төрайымы:** **И.А. Картов**

Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебі
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№ 2 хаттамасы

Күні: 15.12.2020
Қатысқандар: 10

Кеңес төрағасы: Картов И.А.
Кеңес мүшелері: Оразалиева Д.С.
Алманиязова З.Е.
Ильясова А.Ж.
Сапарова Г.С.
Ермекова М.Б.
Балтурина К.О.
Жаксыбаев Ж.Т.
Куанышбаева А.Қ.
Хатшы: Умбеталина Р.К.

Күн тәртібінде:
1.Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қорғау, қоғамдағы өмір сүруін қадағалау.
2. Аз қамтамасыз етілген отбасы, көпбалалы отбасы және жартылай жетім оқушыларды жаңа жылдық шыршаға алып бару және мерекелік сыйлықтар ұйымдастыру.
3.Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры М.А. Умбеталин сөз алды. Сөз барысында мектебіміздегі аз қамтылған отбасынан оқушыларды тәрбиелеу,оқыту,дамыту және қорғау ,қоғамдағы өмір сүруін қадағалау жайлы айтты. «Ата-анадан өсіп ұрпақ тараған, жақсы, жаман болса бала солардан» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай ата-ананың бақыты баланың дұрыс адам болып өсуіне байланысты. Ал балалардың өздеріне бақыт сыйлайтын тұлға болып қалыптасуы, ата-аналар сіздерге байланысты. Сондықтан әрбір ата-ана өз бақытын өмірінің жалғасы баласынан іздеу керек. Біздің бірлесіп тәрбиелеп отырған ұл-қыздарымыз болашақта ата-анасының үмітін ақтар,елін сүйер саналы да білімді азамат болады деп сенемін.
Әрбір отбасына күннің шуағындай шаттық, жылылығындай мейірімділік,береке, түсіністік пен сыйластық,үлкен бақыт тілеймін деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары Е.О. Килибаев сөз алды. Республикалық мектеп оқушыларына арналған жаңа жылдық «Президент шыршасына» өз жетістіктер мен үлгілі оқу үлгерім үшін, көп балалы отбасынан шыққан 7 класс оқушысы Бихожаев Аллабек Бақбайұлын ұсынды.

Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебі бойынша , 1-11 сынып аралығындағы балаларға 32 оқушыға ИП «Саниа» жаңа жылға 32 жаңа жылдық сыйлықтарды сыйға тартты.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Умбеталина Р.К. жаңа оқу жылында Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебі әлеуметтік мәртебеге ие 29 (жиырма тоғыз) оқушы бар. АӘК– 4 оқушы; Күнкөріс денгейі төмен– 12 оқушы; Басқа санаттар– 13оқушы мектеп асханасынан ыстық тамақ ішеді.

**Қаулы:**

- Аз қамтамасыз етілген, әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға мейіріммен қарап тәрбиеленсін.
- Аз қамтамасыз етілген отбасы, көпбалалы отбасы және жартылай жетім оқушыларды жаңа жылдық шыршаға алып бару және мектеп бойынша жаңа жылдық сыйлықтар берілсін.

- II жарты жылдықта мектеп асханасынан Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебі бойынша 29 оқушы ыстық тамақ ішетін болсын.

Кеңес төрағасы: Картов И.А.

Хатшы: Умбеталина Р.К.

Кеңес мүшелері: Оразалиева Д.С.________
Алманиязова З.Е.________
Ильясова А.Ж.________
Сапарова Г.С.________
Ермекова М.Б.________
Балтурина К.О.________
Жаксыбаев Ж.Т.________
Куанышбаева А.Қ.________